

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Ш.БЕЙСЕНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ**Бахтиярқызы Жамиля**u.b.zhamilya99@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Е.Тапанова

Әйел тақырыбы кез келген заманда да, әртүрлі қоғамда да өзекті. Әсіресе тарихта өнегелі із қалдырған қазақ әйелдерінің, аналарының өмір жолын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, қазіргі замандағы әйелдерге қатысты мәселелерді қозғау маңызды. Осындай еңбектерімен қазақ әдебиетінде ерекше танылған тұлға, әйел бейнесін жасаудың, оны ғылыми айналымға енгізіп, қалың оқырманға жеткізудің озық үлгісін көрсеткен көрнекті қазақ жазушысы, публицист-журналист Шәрбану Қонақбайқызы Бейсенованың шығармашылығын зерттедік. Соның ішінде қаламгердің көркем-әдеби әрі ғылыми шығармаларындағы әйел бейнесін зерттей келе әйел тағдырына, әйел мүддесіне, әйел әлеміне терең үңіле отырып, әйел-ана табиғатының тылсым сырлары мол болмыс-бітімін бейнелеу арқылы әйелге қатысты көптеген мәселелерді қозғау шеберлігін байқадық.

Шәрбану Бейсенова өз шығармаларында әйел образын жан-жақты қарастырған: Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атанған еңбек адамынан бастап, қарапайым қазақ әйелінің қилы тағдырын, сондай-ақ, соңғы жылдары қазақ тарихындағы қаһарман қыздар, тарихи тұлғасы қалыптасқан батыр аналар мен ұрпақ анасына айналған дана аналарың бейнесі сомдалады. Яғни, шығармашылығы әйел тақырыбынан құрылған жазушы архив қойнауында қалған тарихи деректерді қаузап, өткеннің өнегесін жазып, және де өмірде орын алған шынайы оқиғаларды пайдалана отырып бүгінгі күннің қарапайым тіршілігін суреттей келе әйел тағдырын оқырман алдына айқара ашады.

Шәрбану Бейсенованың шығармаларындағы әйел бейнесі арқылы бүкіл ұлттың тарихы мен салт-санасын тануға болады. Себебі жазушының шығармаларында бірнеше ғасыр қамтылады: сонау сақ патшайымы Тұмардан, Сүйінбике мен Сүзгеделерден бастап, бергідегі ел басына күн туған шақта хандарымыздың күрестегі серігі, отбасындағы берекесі болған Рәбия Сұлтан бегім, Жаған бике мен Бопай ханым, тіпті есімі ру-тайпа атынан шыққан Қызай, Мұрын, Абақ аналардың, Абай мен Шоқандай ұлт көсемдерін тәрбиелеген Зере мен Айғанымдай аналардың және өз заманындағы жетпіс-сексенінші жылдарда еңбегімен оза шауып, Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атанған қыз-келіншектердің, сондай-ақ, қазіргі заманда әрбір қазақ отбасында кездесетін әйелдердің тағдыры, табиғаты мен тіршілігі баяндалады. Әр әйелдің бейнесін Шәрбану Бейсенова қарапайым тіршілік барысын бейнелеу арқылы ашады, өмірде орын алған шынайы оқиғаларды суреттей келе әйел болмысын қалыптастырады. Осындай терең тақырыпқа келуінің себебін жазушы осылай түсіндірген: “Мен қазақ жазушыларының шығармаларын бәрін оқуға тырысамын. Сонда көңілім қабылдай алмайтын бір нәрсе: ана бейнесін жасаумен бірге, оларды жеңілтек, ұябұзар, дүниеқор етіп көрсету белең алады. Әйел адам болса, міндетті түрде бір жағынан міні шығып тұратындай. Ал мен әйелдің бойынан тазалықты іздеп, оны көре білуіміз керек деп ойлаймын. Сондықтан көпке үлгі болатын кейіпкерлерді насихаттауымыз керек деп түйдім” [1]. Расында да автор айтып отырғандай қазіргі қоғамдағы қасіреттерді, ұрпақ тәрбиесіндегі кеткен кемшіліктерді, отбасы ошақ қасындағы жиі орын алатын ажырасу, әйелдерді қорлау секілді сорақы әрекеттерге тек әйелдерді кінәлау секілді жат мінездердің, пікірлердің туу себептерін зерттеп, зерделеуге өмірін арнағаны аңғарылады. Рухани құндылықтар құлдырап қазақтың атам заманнан келе жатқан адам, оның ар-ожданы, иманы, оның жаны мен таным-түсінігі, түйсігі, сезімі мен сөзі т.б өзінің тектілігінен, бекзаттығынан айырылған алмағайып дәуірде, адамзаттың азғындыққа жол бермеуі үшін рухани бастауларға көз жіберіп, тарихымыздың тамырынан нәр, өткенімізден өнеге алып, тарихи

тұлғаларымызды тірілтіп, олардың ғибратты ғұмырларынан тағылым алуды насихаттайды автор. Автордың осындай еңбек пен ерлік насихатынан тұратын шығармасы – 1985 жылы жарық көрген “Топжарған қыздар” атты очерктері. Жинақ екі тараудан тұрады: бірі Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атанған қыз-келіншектердің тағдыры мен еңбек жолынан сыр шертетін “Лауреттар”, екіншісі қыз баласының сезімтал жүрегіне қарамастан, мықты рухы мен асқан даналығын суреттейтін түрлі өмірлік оқиғалардан тұратын “Өмірі өнеге” атты тараулар. Шәрбану Бейсенова әр әйелдің тағдырын өмірінің белгілі бір кезеңін үшінші жақтан суреттеу арқылы ашады. Кейіпкерлердің бастан кешкен оқиғалары, өзге өмірді тануы, олардың мінез-құлқы, ойлары мен эмоциялары – барлығы табиғи. Әр әйелдің өмір жолымен таныса келе, оқиғаға еніп кеткен оқырман кейіпкермен бірге ойланады.

“Топжарған қыздар” шығармасында жазылған алғашқы оқиға – жас тракторшы Жадыра Таспамбетованың өмірі. Жастайынан бункерде тығыздалып қалған дәнді итерем деп, аяғы комбайнға оралып қалып, ақырында аяғынан айырылып, сонда да тракторға қайта отыра білген қайсар қыздың осы бір ерлігін жазушы жалаң сөзбен емес, оқиғаның әр сәтін көркем суреттеу арқылы жеткізген. Мұнда Шәрбану Бейсенованың очерк жанрын ұтымты пайдаланғаны көрініп тұр: “Бір сағатқа болса да, уақыт ұту үшін Жадыра комбайнды тоқтатпай жүргізе тұратын. Күндегі әдетінше Жадыра рульге отырып, бүгін де кете берген. Бір айналды егістікті, екі айналды. Көңілі алып-ұшып, алыстан ойнаған сағымды көкжиекке, алысқа асығады, ертеңгі күнді аңсайды. Оның арманы көп еді. Кенет...” [2, 5].

Қарапайым қазақ қыздарының күнделікті күйбеңінен осындай өнегелі ғұмырларды көре білген қаламгер әйелдердің мұңын ғана емес, сол мұңды еңсеру жолындағы өжеттілігін, алға қойған мақсатына жетпей қоймайтын мінездеріндегі қайсарлығын да ой-сезімдері арқылы шебер суреттейді. Бұлардың арасында 1983 жылы жоғары еңбек көрсеткішімен көзге түсіп, 893 саулықтың әр жүзінен 131 қозы алып, әр қойдан 4 килограмм жүн қырққан шопан әйел Қалампыр [2, 26], бір жылдың ішінде 25 станоктың орнына 48 станокта жұмыс жасаған Мәрия Серікболова мен Люба Ударцева және тағы басқа қарапайым қыз-келіншектер бар. Бұл шығармада адал еңбек етуді отан алдындағы қасиетті парыз санаған әйелдердің жеке тағдыры арқылы сол заманның лебін сездірсе, Шәрбану Бейсенованың бірнеше шығармалар жинағына енген “Бір махаббаттың баяны” деген туындысы арқылы саяси репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының отбасы мүшелері көрген қияндықты, сол жылдары қазақ әйелдерінің басына келген трагедияны бір кейіпкердің тағдыры арқылы баяндайды. Бұл – Мұқанның жары Марғуаның тағдыры. Марғуаның тағдырын жаза отырып Шәрбану Бейсенова бүтін бір халықтың басынан кешкен зардабын, алаш зиялыларының ұрпағы көрген тағдыр соқпағын бейнелейді. Осы шығармадан жазушының журналистік қыры да ашыла түседі. Себебі жазушы көп жылдар “Дидар”, “Қазақстан әйелдері”, “Мәдениет және тұрмыс” басылымдарында қызмет етіп, журналист-публицист ретінде қалам тербейді. Оның мақалалары, новеллалары мен сұхбаттары сол кезден-ақ әйел тақырыбына арналды. Ол журналист ретінде елдің әр қиырындағы қазақ әйелдерінің тағдырымен етене таныс болып, әртүрлі тағдырларға куә болды. Әйел тағдырын зерттеу арқылы қоғамдағы мәселелерді қозғады. Бұл жайлы жазушының өзі былай дейді: “Мен ұзақ жыл “Қазақстан әйелдері” журналында жұмыс істедім. Осы қызметім менің шығармашылығымда да өзіндік әсерін тигізіп, із қалдырды. Не жазсам да әйелдің тағдырына, әйелдің мүддесіне, әйел жанының қалтарысына терең үңілуге үйрендім. Әйел психологиясын, әйел тағдырын көп зерттеп, зерделедім. Журнал бетінде қыз-келіншектердің ішкі сырларын, өзін толғандыратын нәрселерін бүкпесіз айтуына арнайы бұрыш ашып қоюшы едік. Хаттар ағылып, толассыз келіп жататын. Сол хаттарында құпияларымен бөлісетін. Мөлдіретіп жан сырларын айтатын...” [3]. Осындай жағдайлар Шәрбану Қонақбайқызын қазақ әдебиетіндегі әйел-ана тақырыбына алып келді. Жоғарыда айтылған Марғуадан бөлек, “Зағипа” хикаятындағы Зағипа, “Мизамшуақ” әңгімесіндегі Ақжамал, “Махаббаттың көркем дәміндегі” Мағия, “Жұмақыздың құбылысындағы” Жұмақыз бен Гүлжан, “Тойға келген келіншектегі” Шәркүл,

“Апалы-сіңлілі екеудегі” Жарқынай, “Қамсыздандыру агенттігіндегі” Нәзира сынды әйел образдарын шебер суреттеді.

Шәрбану Бейсенова тек өз заманындағы әйел тағдырымен шектелмей, тарихи деректерден де прозалық шығармалар жасады. Солардың бірі “Сүйінбике – ұлы дала аруы” атты еңбегі. Сүйінбикенің асқан даналығын, өз елін қорғаудағы ерлік істерін көрсету арқылы қазақ әйелдерінің күрескерлік рухын ашады. Және мұны жазушы тек құр қиялмен емес, талай архивтерді ақтарып отырып жазады, ізденеді, зерттейді. Шынында да Сүйінбике кім екінің біле бермейтін тарихи тұлғаны өз ұрпағына таныстыру үшін қаламгер талай кітап, архив ақтарып, талай жерге барып, оның елін, жерін, т.б. өз көзімен көріп, бес ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалармен танысып басы бүтін тарихты танытатын туындыны тарту етті. Осыдан-ақ Шәрбану Қонақбайқызының ғылымға деген іңкәрлігі байқалады.

Бұл сөзімізді дәлелдей түсер тағы бір шығарма Шәрбану Бейсенованың соңғы жылдары жарық көрген “Ұрпағына ұран болған аналар” атты еңбегі. Бұл еңбекте ел тарихындағы есімі ерекше аталып келген аяулы аналарымыздың, ару қыздарымыздың ұлтқа үлгі, ұрпаққа өнеге боларлық тағылымдары, елдікті нығайтудағы іс-әрекеттері туралы танымдық жазбалары енгізілді Соның ішінде Бөрте ханым, Қызай, Абақ, Қарқабат аналарымыз туралы құнды деректер келтірілген. Елдік істерге араласып, отбасының ғана емес, тұтас ұлттың ұйытқысы бола білген Рәбия Сұлтан бегім, Жаған бике ханым, Бопай ханым сияқты тарихи тұлғаларымыздың да өмірі зерттелеген.

Жазушының еңбектеріндегі әйел бейнесін зерттей келе оның қазақ әдебиетіне жаңа бір тыныс алып келгенін байқадық. Академик Серік Қирабаев Шәрбану Бейсенованың қазақ әйелдерінің обейнесін ашу арқылы әдебиетке қосқан мол мұрасы жайлы айтқан пікірі осыған дәлел: «Журналистік қызметте жүріп өмір таныған Шәрбанудың шындықты терең түсінуі мен адамдарды тануы оның жазушылық қаламына жел бергені оның шығармашылығынан анық байқалады. Қаламгерге тән байқағыштық, құбылысты сурет күйінде көру де оған көп көмектескен. Сөйтіп, Шәрбанудың сәтті шығармашылық еңбегіне жол ашқан. Оның характері де дара, суреттейтін оқиғалары (сюжет, фабула) да нанымды, тілі де құнарлы, ойлы. Айтары бар, ұсынар сабағы мен ғибраты да мол. Оны қазақ әйелі табиғатының жыршысы деуге әбден болады» [3]. Серік Қирабаевтың бұл сөзі Шәрбану Бейсенованың шығармаларына берген лайықты баға.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Пірәлі Г Шәрбану шығармашылығындағы нарратология мәселесі // Егемен Қазақстан. -28 қаңтар, -2021.
2. Бейсенова Ш. Топ жарған қыздар. – Алматы: Жалын, 1985.
3. Мәсімханұлы Д. Әйел әлемінің жыршысы // Астана ақшамы. -20 желтоқсан. -2022.

ӘОЖ 070.1

АҚПАРАТТЫ ЖЕТКІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ЖАНРЛАРЫ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Бәзіл Инабат Қуатқызы

b.inabat.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ғ.М.Ақсейіт

Қазіргі таңда көптеген адамдар үшін қолжетімді болған, әр минут сайын мақсатты аудиториясын кеңейтіп және дәстүрлі БАҚ-тан бірқатар көрсеткіштер бойынша озып келе